

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының  
төрағасы Ж.Қ.Асановқа

Атырау облыстық қорғаушылар алқасының  
мүшесі адвокат Н.Б.Әбуовадан  
Атырау қаласы, Вокзал маңы

### Құрметті Жақып Қажманұлы!

06 ақпан 2019 жылғы Атырау облысы Махамбет аудандық сотының шешімімен талап қоюшы Елубай Базарбаевич Елдесбаевтың талабы қанағаттандырылып, Нұрбол Ерболатұлы Дүйсеновтан Елубай Базарбаевич Елдесбаевтың пайдасына 1 134 000 тенге, сот шығындары 11 340 тенге және 113 400 тенге өкілдік көмек үшін сот шығысы, барлығы 1 258 740 тенге өндірілді.

25 сәуір 2019 жылғы Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сотының қаулысы бойынша бірінші сатыдағы сот істі дұрыс шешу үшін маңызды мән-жәйлардың шеңберін дұрыс анықтап, қолдануға жататын заң нормасын қолданып, заңды және негізді шешім қабылданды деген тұжырымға келіп, сот шешімін өзгеріссіз, жауапкер Н.Дүйсеновтың апелляциялық шағымының қанағаттандырусыз қалдырды.

Менің қорғауымдағы талапкер Е.Б.Елдесбаевтың құқығы қорғалып, нәтижесінде талабы қанағаттандырылды.

Бірінші сатыдағы сотының судья С.А.Амантаев сот талқылауын мұқият және жоғары кәсібилік деңгейде жүргізді.

Азаматтық іс бойынша дау объективті түрде сот тергеуі жүргізіліп, ҚР АҚ-нің, АПК-нің нормалары сақталуымен барлық жағдайларын дұрыс және нақты бағалау, жан жақты тексеру, сондай-ақ сот отырысының нақты ұйымдастырғаны үшін судья С.А.Амантаевқа алғысымды білдіремін.

Сонымен қатар Атырау облысы, Махамбет аудандық сотының кеңсе менгерушісі Сағынова Гүлшат Мақсотқызы, кеңсе қызметкері Хасанова Самал Измухановнаға тарап ретінде сұрақтармен сойлесіп жүздескен уақыттарда, аталған қызметкерлердің мәдениет этикалары, кәсіби біліктілігі жоғары деңгейде екендігі, сыпайы, тамаша мамандар екендігін көрсете білді. Соның арқасында Махамбет аудандық сот ұжымның ұйымшыл және тәртібі сақталатындығы туралы пікір қалды.

Осы алғысымды білдере отырып, Атырау облысы, Махамбет аудандық сотының судьясы С.А.Амантаевқа, мамандар Г.М.Сағыноваға, Х.С.Измухановаға қызметте жеміс, отбастарына бақыт, дендеріне саулық тілеймін.

Атырау облыстық адвокаттар алқасының  
мүшесі адвокат

Н.Б.Әбуова

12 шілде 2019 жылы

